

ИУДАИЗМ ДІНІНІҢ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІ

Әлтаева Н.С.

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
оқытушы, дінтану магистрі;*

Алтынбекова З.Т.

*М.Х. Дулати атындағы ТарМУ,
оқытушы, дінтану магистрі;*

Акмамбетов А.А., дінтану магистрі

Иудаизм діні – б.з.б. II-I мыңжылдықтар аралығында еврей тайпаларының арасындағы пайда болған дін. Толығырақ тоқталсақ, иудаизм – төрт мың жыл бойы еврейлердің тұрмыс салтын айқындап келген құқықтық, моральдық-этикалық, философиялық және діни көзқарастарының жиынтығы. Иудаизмнің негізгі доктринасы – бір Құдайға сену. Ол мәңгі, құдыретті және шексіз. Иудаизм адам парасатының Құдай бейнесіне сәйкестігін уағыздайды. Иудаизм нормаларына сай діндар Құдаймен дұға оқу арқылы байланысқа түседі, Құдай еркі Тора арқылы ашылады [1., 132-133 бб.].

Ескі өсиетте заң нормаларының барлық белгілеріне тән – қылмыстық-құқық, азаматтық-құқық және процессуалдық тәртіп ережелері тұжырымдалған. Библияның бір бөлімін еврейлер Тора деп бекер атамаған (заң). Жеке тұлғаға, дінге және жеке меншікке (оның ішінде құлдар) қарсы қылмыс үшін жауапкершілікке тартылады және ескі өсиет нормалары осы жауапкершілікті белгілейді. Олардың бұйрықтарының жүзеге асуы діни нормаларға емес, құқықтық нормаларға тән. «Кімде-кім өз әкесіне немесе анасына тіл тигізсе – сол өлім жазасына кесілсін» - деп библия кітаптарында бірнеше рет келтірілген (Исх., 21:17, Лев., 20:9 и др.).

Сондай-ақ төмендегідей қылмыстар үшін жауапкершілік нормаларының санкциясы тұжырымдалған:

- кісі өлімі үшін;
- еврейді ұрлап оны құлдыққа бергені үшін;
- мал-жанды тонағаны үшін;
- «өз әкесінің әйелімен» (яғни өгей анасымен), қарындасымен немесе келінімен жыныстық қатынаста болғаны үшін;
- «Моисей (Мұса) заңынан» көпшіліктің алдында бас тарқаны үшін;
- иудейліктен азғырғандығы үшін және де
- зинақорлық үшін (Исх., 21:12, 14, 16; 22:18-19; Лев., 20:10-17).

Сондай-ақ бірнеше нормалар қатарында өлім жазасының мынадай нұсқалары көрсетілген:

- «халыққа» өз баласын Молохқа құрбандық еткен үшін айыпталған адамдарды өлгенше таспен соғу бұйырылған (Лев., 20:2);
- асылық үшін (Лев., 24:10-16);
- «басқа құдайларға құлшылық етуге» азғырушылық (Втор., 17:3-6);
- әке мен анаға бағынбағаны үшін (Втор., 21:18-21);
- зорлау және жыныстық қатынасқа мәжбүрлегені үшін (Втор., 22,20-25);

Өлім жазасының ең сирек кездесетін бір түрі ол – тірідей өртеп жіберу болды. Бұл жаза түрі мына жағдайда қолданатын:

- ер адам өзінің енесімен бірге тұрғаны үшін (сожительство),
- аруақты қорлағаны үшін (Иис., Н., 7:15) және т.б.

Денеге зиян келтірген үшін жауапкершілік «Қанға-қан, жанға жан», яғни талион принципімен жүзеге асырылды. Келтірілген зиян үшін айыпталушыға сол көлемде зиян келтіру және т.б. сонымен қатар сотта жалған айтқаны үшін де жазаланатын (Втор., 19:18-21).

Ескі өсиет нормалары зайырлы құқықтық жүйелердің нормалары сияқты қанды кек алу әдет-ғұрпын қолдануды айтарлықтай шектеді. Онда тек зиян келтіруші тұлғаға қатысты кек алу рұқсат етілді (Втор., 24; 16). Кек алу мәселесі сотпен қарастырылды; уақыт пен кеңістікте кек шектеулі болатын. Егер де абайсыздан кісі өлтірген болса, оның кегін өліммен алатын. Бірақ қылмыскер «төгілген қан үшін кек алушыдан» жасырыну мақсатында басқа жерде паналауына болатын. Паналау ретінде қылмыскерге жасырынуға болатын алты қала бөлінген. «Қан үшін кек алушы» абайсыздан өлтірген қылмыскерден өз кегін кездестірген кезде, сол паналаушы қаладан тыс жерде алуына рұқсат етілді (Исх., 21:13; Втор., 4:41-43; 19:2-7).

Ескі өсиетте бұрынғы кезде бірқатар іс-әрекеттер үшін қанды кек алудың жиынтығы белгіленген. Төбелесу кезінде денеге жеңіл зиян келтірілген болса, жәбірленушіге емделуі үшін және «жұмыстан босатылу» төлемақысының есесі қайтарылады. Біреудің жүкті әйелін ұрып-соққаны үшін (егер әйел баласын жоғалтқан жағдайда) айыпталушы жапа шеккен әйелдің күйеуі белгілеген айыбын өтейді (Исх., 21:18-19, 22). Әйелдің тұрмысқа жалған айтып шығуы (арымнан айырылдым деп) үлкен айыппұлмен өтеледі (ер адам үшін). Төленетін айыппұл қыздың әкесі үшін пайдалы. Себебі тұрмысқа шықпаған қыздың арын төккен (зорлаған) немесе онымен жыныстық қатынаста болып қойған жағдайда ол адам қыздың әкесіне жасалынған маскара үшін құнын өтейді, сондай-ақ қызға үйленіп онымен өмір бәқи ажыраспауға тиіс (Втор., 22, 13-19, 28-29). Денеге зиян келтірген үшін қолданатын шаралар жарлығына сәйкес кінәлі деп танылған айыпталушыға соттың «дүре соғуға лайықты» деген үкімі бойынша оны белгілі бір мөлшерде ұрып соғады (40-н аспай). Жаза сол сәтте және сот алдында орындалады (Втор., 25:2-3).

Ескі өсиетте сот құрылысына, сот ісін жүргізуге қатысты нормалар бар. Солардың бірі израильдіктерді «халықтық әділ сотпен соттау үшін» (праведным судом) «өздеріне судьяларды белгілеуге» міндеттейді (Втор., 16:18). Сондай-ақ судьялар қатарында молдалар да болды (Иез., 44:24). Көбінесе жалған куәлік істерді молдалар мен жай судьялар қарастыратын (Втор., 19:16-17). Судьялар шындықтың бетін ашуға тиіс, алдына келген барлық адамдарды «ұлық» пен «кішіні» тыңдай алатын бейтарап адам болу керек. Сондай-ақ заңды бұрмаламауға және қылмыскерлерден ешқандай сыйлық алмауға міндетті (Втор., 1:17; 16:19-20). Сот израильдіктер, тұрғылықтар және шеттен келгендер үшін тең болу керек (Лев., 24:22). Сот шешімін жүзеге асыру барлық жұрт үшін міндетті, ал одан бас тарту өлім жазасымен аяқталады (Втор., 17:10-12). Қандай да болмасын жасалған қылмыс үшін айыпталушының кінәлі деп тануына және өлім жазасына кесілуіне екі адамның куәгер болуы жеткілікті (Втор., 17; 6; 19:15).

Ескі өсиет нормаларының біршамасы мүліктік қатынастарды реттеуге арналған. Казуистік сипатта жарлық ретінде нормалар мына мәселелерді қарастырады: жайпап өрт шығарған үшін; біреудің малын өлтірген үшін; сақтауға алынған күмістерді, заттарды және мал-мүлкін жоғалтқаны үшін, яғни жапа шеккізген үшін айыпталушы осылардың есесін қайтаратын (Исх., 21:35; 22:5-15). Жерді сату мәселесі ерекше реттелетін. Сатушы немесе оның жақын туысы ол жерді кез-келген уақытында қайта сатып алуына мүмкіндігі бар. Себебі, белгілі уақыттан соң жер иесіне қайтарылатын. Бұндай сатылу ережелері тіпті ауылдық жерлерге дейін тараған. Өйткені ауылдық жерде тұрғын үйді сатуға болатын (Лев., 25, 23-34).

Ескі өсиет нормалары келесі мәселелерді қарастырады:

- «жалдаушы» және құлдардың жағдайы (Втор., 15:12-18),
- мәміле жасаудың кейбір шарттары, мысалы қарыз мәселесі (Исх., 22:14-15),
- жылжымалы мүліктерді тіркеу мәселесі (Втор., 24:6; 10-13),
- біреудің жоғалған затын басқа біреу тауып алған жағдайда оны иесіне қайтару мәселесі (Исх., 23:4),
- дұрыс емес таразы мен кір тастарын қолдануға тыйым салынған (Лев., 13, 36),
- «жалданушыға» берілетін жалақы уақытысын бұзу мәселесі (Лев., 19:13),

- шеттен келгендерге (тайпа территориясында мекендеген) өздерін құлдыққа сатқан еврейлерді сатып алуға бұйырған (Лев., 25, 47-54).

Барлық мүліктік даулар сотта шешілуге тиіс. Сотта айыптаушы және айыпталушы екі жақ Құдай атымен ант беретін (Исх., 22:8-11).

Ескі өсиет нормаларының жүзеге асуы мемлекет күштеуімен қамтамасыз етіледі. Бұл нормалардың әлеуметтік мәні болып табылады. Мысалы: бұйрықты орындамаған немесе бұзған адам сот шешімімен өлім жазасына тартылады; ал біреудің дене мүшесіне зақым немесе зиян келтірген адам мүліктік жауапкершілікке тартылады. Бұл құқықтың ерекше белгі-нышаны болып табылады. Өйткені ол әлеуметтік реттеу жүйелерінен, сондай-ақ діни жүйеден өзгеше.

Атеистік әдебиеттердегі ой-пікірлер бойынша: «Библияда еврейлердің көне заңдары туралы мәліметтер бар, олар Бес кітап (Пятикнижие) құрылған дәуірде-ақ түсініксіз болып кетті, сол себепті фантастикалық мазмұнға ие болды...» [2., 106 б.]. Басқаша айтқанда, Библия нормалары ежелгі еврейлердің құқықтық нормалары негізінде пайда болды. Бірақ олар заңды сипаттағы емес, діни сипаттағы нормалар болды. Құқықтық нормаларға қияли түсіндірме бергендіктен олар діни нормаларға ауыстырылды. Жалпы айтқанда, нормалардың ауысуы мүмкін, бірақ тап осы жағдайда ауысу концепциясы тиімді емес. Өйткені құқықтық нормалар діни нормаларға ауысқан жоқ, олар Ескі өсиетте өздерінің ерекше белгі-нышандарын сақтап қалды. Яғни теократиялық ежелгі еврей мемлекеттілігінің дамуымен тығыз байланысты діни құқықтың құрылу процесі болып жатты.

Ежелгі еврейлік құл иеленуші мемлекет XI ғ. Палестинада пайда болды. Көп ұзамай ол екі дербес мемлекет – Израиль және Иудей болып бөлінді. Израиль мемлекеті б.э.д. 722 ж. Ассириялықтармен, ал Иудей мемлекеті болса б.э.д. 597-586 жж. Вавилондықтармен жойылды. Иудейден еврейлердің басым бөлігі Вавилонға II Навуходносормен көшірілді. Б.э.д. 538 ж. парсы патшасы Кир Вавилонияны талқандап, еврейлерге Иудейге қайта оралуына, қираған Иерусалим қаласын және храмдарын қалпына келтіруге, сондай-ақ храмдық қоғам құруға және де өздерінің заңдары бойынша өмір сүрулеріне рұқсат етті. Осылайша абыздар қасталары басшылық етілетін храмдық мемлекет пайда болды. Қаншама рет Иудей қолдан-қолға өтіп қиратылды. Еврейлік теократиялық мемлекет өз қызметін б.э.д. I ғ. дейін атқарып келді. Оның өмір сүруін Рим империясы тоқтатты.

Еврейлік діни құқық Иудей мемлекеті жаулап алынғанға дейін қалыптаса бастады. Оның нормаларын Яхве культінің қарсыластарын басу мақсатында қолданылды. Б.э.д. 621 ж. иудей патшасы Иосиф діни реформа жүргізді. Бұл реформа негізіне «Заңдар кітабы» кірді. Бұл кітап толығымен «Екінші заңдылықтар» жинағына қайта өңделіп енгізілді. Жаңа заңдардың қалыптасуы ежелден-ақ өрлеп келе жатқан және құдай ұйғарымы негізінде қалыптасты. Бір сөзбен айтқанда, таңқаларлықтай жаңа заңдарды алғаш байқаған Иерусалим храмының шырақшысы болды. Жаңа заңдар негізінде культті бір орталыққа бағындыруға және монотеизмді күшейтуге қатысты қатаң шаралар қабылданды. Мысалы, басқа культ абыздарын, барлық бақсы, балгер, сиқыршыларды жою. Елде тек Яхве культіне ғана рұқсат берілді. Нәтижесінде бұл шаралар Иудейді қоршаған жауларын бір орталыққа бағындыруын күшейтті. Бұған еврейлердің кедейлік тұрмысын жеңілдететін «Заңдар кітабына» енгізілген нормалар мүмкіндік туғызды. Мысалы, мына мәселелерге қатысты бұйрықтар: еврей құлдарына құл есебінде емес, жалшы ретінде қарау, өмірлік құлдық борышын шектеу, десятинаның бір бөлігін жетім мен жесірлерге беру, қарыз алуға қатысты шарттарға жеңілдіктер енгізу және т.б. [2., 107 б.].

«Вавилондық тұтқында» еврейлер дін басыларының арасында «книжниктер» деп аталатын топ құрылды. Олар Иудейден шыққан діннің, құқықтың қайнар көздерін өңдеуге және жүйелеуге кірісті. Әсіресе еврейлер Иерусалимге қайта оралғаннан соң бұл өңдеу жұмыстары қарқынды жүргізілді. Левит және Сандар деп аталатын ескі өсиет кітаптарына енген абыздар кодексінің негізгі бөлімі өңделді. Б.э.д. V ғ. ортасына таман Бес кітабын өңдеу аяқталды. Ондағы құқықтық нормаларды абыздар өз мүддесін көздеп, храмдық

мемлекетте орнатылған тәртіптерді сақтау мақсатында өңдеді [2., 107 б.]. Бұл нормалардың қолданылуы мен сақталуы мемлекеттің күштеуімен қамтамасыз етілді. Нормалардың қасиетті кітаптардың қатарында болуы еврейлік теократия жағдайында құқықтың қалыптасуы мен дамуының діни жамылғысы негізінде болғандығымен түсіндіріледі. Еврей мемлекетінде зайырлы құқықтық мектептердің екінші храмдық кезеңі болмаған, құқықты жасайтын абыздар болды.

Бес кітапта құқықтық нормалармен қатар діни нормалар да бар. Бұйыру мазмұнына қарай олар құқықтық нормаларға сәйкес келеді. Өсиеттер мен Ескі өсиет нормаларында – кісі өлтіруге, ұрлық жасауға, зинақорлық істеуге, басқа құдайларға сенуге және т.б. тыйым салынған. Библияға сәйкес егер де діни нормалар бұзылса ол тек құдай жазасына алып келеді, ал құқықтық нормаларға сәйкес жаза сот шешімімен белгіленеді. Бұдан мынаны ескерген жөн: діни тыйымдар жүйесі бәрін сыйдыра алады. Әр құқықтық нормаға діни нормалар сәйкес келеді, ал діни тыйымдар болса құқыққа ықпалын тигізбейтін көптеген басқа да қатынастарды реттейді. Мысалы, «әкесінің әйелімен», енесімен, сіңілісімен және де келінімен жыныстық қатынаста болған үшін құқықтық нормалар жаза қоданумен тыйым салады, ал діни нормалар болса жоғарғы күштің жазасына ұшырауымен қорқытады (Лев., 20:11-12; 14, 17, 19-21).

Ескі өсиет құқығының діни сипатын қылмыстық және күнәлы әрекеттердің араласып кетуінен байқауға болады. Өйткені құқыққа қайшы келген барлық әрекеттер «құдайға қарсы келген әрекет» деп те қарастырылады. Сол себепті айыпты адам жасаған қылмысы үшін тек құқықтық нормалардың жазасымен ғана емес, сондай-ақ діни жауапқа да тартылатын. Мысалы, өзінің күнәсі үшін тәубеге келіп және «айыбы үшін құрбан ету» («тазару») есебінде пірадарға лақ алып келетін (числ., 5, 6-8). Ескі өсиеттің діни және құқықтық нормалары қоғамдық қатынастарға әдетте құқық пен дін ықпал еткендей қисынды әсерін тигізеді және нақты бірлікте болатын. Мысалы: құқықтық санкция діни санкциямен толықтырылатын, кейбір құқықтық нормалардың жарлық белгілері діни көзқарастармен, ережелерімен белгіленетін.

Діни және құқықтық нормалардың араласуы көбіне олардың қанды кек алуынан байқалады. Ол құдай заңымен жарияланады. Өсиет бойынша «Кімде-кім адамның қанын төксе, онда оның қаны адамның қолымен төгіледі: өйткені адам құдай бейнесімен жасалған» (Быт., 9:6). Ескі өсиет құқығы кек алушыға қасақана қылмысы үшін айыптыны өлімге тапсыру міндетінен бас тартуға және одан немесе оның туыстарынан «жанын өтеу үшін» айыппұл алуына тыйым салады. Сондай-ақ, абайсыздан жасаған қылмыс үшін кек алудан бас тартуға және кек алудың белгіленген уақыты өтіп кетпегенше паналаудан өз жеріне қайта оралуына рұқсатты сатып алуына тыйым салынды (Числ., 35:31-32). Тек діни себептерге байланысты мынадай тыйымдарды белгілеген: кісі өлтірілген кезде жер ана төгілген қанмен қорланады. Ол тек сол адамды «өлтіргеннің қанымен ғана тазарады, яғни қаны төгілген кезде. Олай болса, «Израильдің ұлдары», сондай-ақ Құдайдың өзі мекендеген жерді қорлауға болмайды (Числ., 35:33-34). Осы себептерге байланысты паналау-қалаларының ақсақалдарына қасақана қылмыс жасаған адамды жасырынып жүрген паналау орнынан алдырып, оны «қаны үшін кек алушының қолына өлтіруге беру» жауапкершілігі жүктеледі (Втор., 19; 11-12).

Б.з.б. 66-73 жж. соғыста иудейлердің жеңіліс табуы, сондай-ақ 115-117 жж. Шығыс Жерорта елдеріндегі еврей тұрғындарының Римге қарсы толқуларының және 135 ж. Бар Кохба көтерілісінің басылуы иудейлердің Палестинадан жаппай депортациялануына, олардың географиялық таралу аймағының ұлғаюына себеп болды. Диаспораның негізгі қоғамдық-діни факторына синагога айналды. Ол тек қана құдайға сиынатын орын емес, сондай-ақ маңызды саяси, азаматтық-құқықтық мәселелер шешілетін, халық жиналысы өтетін орынға айналды. Бұл жылдары дінбасылық сословие өзінің үстемдігінен айырылып, еврейлер қауымдарын басқару Тора мен Ауызша дәстүр ұстаздары – хахамдарға өткені де ескерерлік жайт. Вавилондық қауымда Жазбаша және Ауызша Заңдардың зор ықпалын белсенді түсіндірушілерді раввиндер (ивриттік «ров» - «ұлы» деген сөзден) деп атады.

Раввиндер тез арада Еуропа мен бірқатар шығыс елдерінің еврей қауымдарын басқарудың тармақталған иерархиялық институты – раввинаттарды құруға кірісті.

Б.з. II ғ. соңы мен III ғ. басында Палестинаның ең беделді раввині Иегуда Га-Наси (II ғ. екінші жартысы – III ғ. басы) Тораға берілген көптеген түсініктемелер – таннайлар (заң құлдар) негізінде Мишна (қайталау) деген атауға ие болған құқықтық-нормативті актілер жинағын кіргізді. IV-V ғғ. Амморилер (түсіндірме берушілер) Мишнаға жаңа заң қағидаларын қосты. Бұл еңбек Гемара (Аяқталу) деп аталды. Гемара Мишнамен бірге Талмудты (ілім) құрады. Талмуд Палестинада құрастырылған иерусалимдік Талмуд және Вавилон диаспорасы құрастырған вавилондық талмуд болып бөлінеді. Талмуд заң шығарудың, сот атқарудың және діндар еврейлер үшін моральдық-этикалық кодекстің негізіне айналды [1., 138 б.]. Бір сөзбен айтқанда еврейлік діни құқықтың кейінгі дамуы Талмудта болды. Көп ғасырлар бойы қалыптасып келген құдай есімімен баяндалған талмуд құқығының көптеген институттары мен нормалары қоғамдық өмірдің жаңа экономикалық жағдайларын бейнелеумен қатар, Ескі өсиет заңдарына «көне құқық дербес болып қалады» деген иллюзиясын сақтап қалумен қарсы келеді. Алайда, көп уақыт өтпей оның көптеген қағидалары тым көне, ескі заманғы болғандықтан (мысалы, құрбандық шалу, левирантты неке туралы заңдар) немесе жергілікті жерлердің заң актілері оларды ығыстырып шығаруы себепті жарамсыз болып қалды. Ортағасырлардан бастап қазірге дейін көптеген еврейлер талмудтық құқықтың діни, отбасы мен азаматтық өмірді реттейтін тарауларын қатаң сақтайды.

Ал галахтық қағидалардың жедел қарқынмен таралуы 650-1040 жж. орын алды және гаондардың белсенді әрекетімен байланысты болды (Вавилондағы сол кездегі ең ықпалды талмудтық құқық мектептері Сура мен Пумбедита еді басшыларын солай атаған). Солардың арқасында вавилондық Талмуд Еуропа, Азия және Солтүстік Африкадағы еврей қауымдарында басым ықпалға ие болды. Азаматтық және қылмыстық құқыққа, сот ісін жүргізуіне, қауымның діни өмірін ұйымдастыруға қатысты Вавилон гаондарының (такконот) қаулысы XI ғ. ортасына дейін орындалуына міндетті деп саналды.

Б.э. 70 ж. кезеңінде еврей мемлекетінде қылмыстық құқық нақты дамуға бет бұрды. Өлім жазасын қолдану мүмкіндігі жойыла бастады, ал талион төлеу ақымен ауыстырылды. Қылмыстылықтың мынадай түрлерін ажыратқан жөн: ниет (ешқандай арамдығы жоқ ниет және жасырын ниет), абайсыздық, ниетке жақын және абайсыздық. Қылмыскерлер сырттай көзге түсетін нәтижелі әрекеттері үшін ғана жазаланады (дайындық пен қастандық емес). Дем берушілер мен шағыстырушылар жауапкершілікке тартылмайтын. Қылмыстың қайталануы ерекше жазаланатын. Сотта қылмыстық іске қатысты бір ғана айғақ мүмкін еді, ол өз көзімен көрген куәгерлердің куәгерлік етуі. Еврейлік соттар қылмыстық юрисдикциядан айырылған соң, қылмыстық құқықтың одан әрі дамуына еш қажеттілік болмады. Сол себепті ол толық сипатқа ие болмады [2., 109 б.].

Талмудтық азаматтық құқық дегеніміз – дамыған құл иеленушілік қоғамның және қалыптасып жатқан феодалдық қатынастар жағдайына сәйкес келетін аса күрделі, әбден талдап өңделген жүйе. Шын мәнінде, талмудтық азаматтық құқық сырттай ғана діни сипатқа ие. Өйткені оның кейбір нормалары библия мәтіндерінің жасанды түсіндірмелерінен бастау алады, сондай-ақ Ескі өсиет құқығымен байланыс бейнесін сақтап келеді. Ол өзінің дамуын Талмуд құрастырылғаннан кейін, сот тәжірибесінде және еврейлер дін басыларының шығармаларындағы талмудтық нормаларын тереңдету және толықтыру әдісімен жалғастырды.

Талмуд құқығының азаматтық-процессуалды нормалары – бәсекелестіктің, ауызекіліктің, өзінділіктің, жариялылықтың, көпшілігінің, екі жақты теңдігінің және дәлелдердің формальді бағасының бастамасын белгілейді. Негізгі дәлелдерге: екі-үш куәгерлердің ұқсас жауаптары, жазбаша құжаттар, діни антты мойындау жатады.

Еврей мемлекеттілігі тараған соң көп ғасырлар бойы діни құқық өз қызметін Палестинадан тыс қоныстанған көптеген еврейлер диаспорасының құқықтық жүйесі ретінде атқарды. Еврейлер қауым болып өмір сүрді. Олардың өздерінің дін басылары

(раввин) болды. Сондай-ақ, олар Иерусалим храмын құрметтейтін, Иудей дініндегі ұйғарымдарды негізге алып, синагогада жиналып құлшылық ететін. Түрлі елдердегі еврейлер қауымдарына азаматтық, кейде қылмыстық істерге қатысты юрисдикция берілетін. Талмуд құқығының нормаларының жүзеге асуы мемлекеттің күштеуімен қамтамасыз етілетін. Рим императорларының бірнеше заңдарына сәйкес (сондай-ақ, 397-404 жж. Аркадия және Гонороя декреті (заң)) еврейлерге «өздерінің әдет-ғұрыптарына берік болуына», өз заңдарына бағынуына рұқсат етілді. Сондай-ақ, азаматтық істері бойынша өздерінің діни соттарына жүгінуіне болатын. Соттың шешімі империяның лауазымды тұлғалары үшін міндетті болды [2., 110 б.].

Көне Ирандағы еврейлер қауымы ресми түрде өздерінің құқығын негізге алатын. Оларды «эксиларх» басқаратын. Эксиларх дегеніміз – еврей атактылары мүдделерінің өкілі, қауымның азаматтық әрі қылмыстық істері бойынша жоғарғы соты, «қамшы және таяқ» құқығына ие болған, айыппұл көлемін белгілейтін және өлім жазасын тағайындайтын мемлекет намангері. Ресей мен Польшада еврейлер қауымы (кагалылар) ХХ ғ. дейін өзін-өзі басқарушылықты қолданды. Азаматтық істерді шешуде олар Талмуд құқығы кодексінің бірін негізге алды («Шулхан-арух») [2., 111 б.]. Заңдық билігі жоқ рухани тұлғалармен құрылған диаспорасы Талмуд құқығының құқықтық жүйесі болып табылады. Бұл диаспора әлеуметтік негізінен Яхве есімімен баяндалған және иудаизмнің негізгі бөлігі болып табылады. Мемлекет – еврейлер қауымына олардың нормаларымен қатар өздерінің құқықтарын тең қолдануына рұқсат бергендіктен, Талмуд құқығының нормалары негізінде істерді еврейлер қауымдық сотына қарастыруға рұқсат берді және осы нормалардың жүзеге асуын мемлекеттің күштеуімен қамтамасыз етті.

Ескі өсиет және Талмуд құқығының нормалары – діни ережелермен, догмалармен тығыз шиеленісуіне және қасиетті кітаптар қатарында болғанына қарамастан, әлеуметтік негізінен заңды нормалар болып табылады. Олай болса олар діни қондырманың қатарына емес, құқықтық нормалар қатарына жатады. Сол себептен, діни құқықтың мәнін аса бағалайтын, оның мемлекетпен тығыз байланысын мойындамайтын және оны тек діннің құрылымдық элементтерінің бірі деп санайтын авторлармен келісуге болмайды [2., 111-112 бб.]. Олардың нормаларының жүзеге асуы мемлекеттің күштеуімен қамтамасыз етілгенде ғана діни құқықтың заңды күші бар. Мысалы, ережеге сәйкес библияның қылмыстық-құқықтық нормалары еврей мемлекеті жойылғаннан кейін жүзеге аспайды, яғни заңды күшін жоғалтады. Ал, оларға ұқсас және сәйкес келетін «өлтірме», «ұрлық жасама» өсиеттері және т.б. заңдық күші бар діни нормалар болып қалады. Талмуд құқығының құрамына енген соң олар тек Ескі өсиеттің құқықтық нормаларында ғана қолданатын. Сондай-ақ, қайда және қай кезге дейін мемлекет осы құқықтық нормаларды диаспора соттары басшылыққа алуына рұқсат етілгенге дейін қолданатын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Дінтану негіздері: Оқулық/Ауд.: Н.Ж.Бәйтенова, Қ.А.Затов, А.Т.Құлсариева, А.Д.Құрманалиева; Құраст. Н.Ж.Бәйтенова. – Алматы: Қазақ университеті. 2006. – 356 бет.
2. Ключков В.В. Религия, государство, право. – М.: «Мысль», 1978. – 287 с.
3. Писманик М.Г. Лекции по религиоведению. Учебное пособие. Пермь, 2006. - 245с.
4. Гараджа В.И. М.: «Аспект Пресс», 1995. - 351 с.
5. Религии мира: словарь-справочник. Авторы: Под ред. А. Григоренко. 1-е издание, 2009 г. - 400.